

Түркістан қаласының мәслихаты

Түркістан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2019 жылғы 9 қазандағы № 56/276-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 17 қазанда № 5223 болып тіркелді

Маслихат г. Туркестана

Түркістан қалалық мәслихатының 2018 жылғы 9 ақпандағы № 27/145-VI «Түркістан қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, «Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы №145 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 15 қазандағы №409 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17634 тіркелген) сәйкес, Түркістан қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Түркістан қалалық мәслихатының 2018 жылғы 9 ақпандағы №27/145-VI «Түркістан қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4461 тіркелген, 2018 жылғы



2 наурызда «Түркістан» газетінде және 2018 жылғы 3 наурызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-қосымшада:

реттік нөмірі 6-жол мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

«

6	Емханалар	1 келіп кету	0,02
---	-----------	--------------	------

»;

реттік нөмірі 7-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,0
---	-------------------------------------------------	--------------	-----

»;

реттік нөмірі 9-жол мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

«

9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,5
---	----------------------------------------------------------	-----------------	-----

»;

реттік нөмірі 10-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,2
----	-----------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------	-----

»;

реттік нөмірі 14 және 15-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м2	0,958
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м2	0,5

»;

реттік нөмірі 16-жол алынып тасталсын.

2. «Түркістан қалалық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің «Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті» Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Түркістан қалалық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат сессиясының төрағасы

А.Мәди

Қалалық мәслихат хатшысы

Ғ.Сәрсенбаев